



20 желтоқсан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

<https://twitter.com/syrboyi>

t.me/syrboyi_kz

2 Қауандарияның жаңа клубы

3 INNOFEST: Дарынды жастарға даңғыл жол

4 Алгоритм: әр жұмыстың өз реті бар

6 Құсқанат ғұмыр

ПРЕЗИДЕНТ



МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН ӨЗБЕКСТАНҒА БАРАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 21-22 желтоқсан күндері Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен келіссөз жүргізіп, екіжақты іс-әрекеттің өзекті мәселелерін, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және көлік-транзиттік ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылайды деп хабарлайды Ақорда.

Сондай-ақ олар өңірлік және халықаралық күн тәртібін қарастырады. Мемлекеттік сапар аясында бірқатар екіжақты шарт пен келісімге қол қойылады деп жоспарланып отыр.

НАЛУК БАНК БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Налуқ қаржы тобының өкілдері Александр Павловпен және Үміт Шаяхметовамен кездесті.

Мемлекет басшысына банктің қазіргі қызметі, даму перспективалары, отандық бизнеске қолдау көрсету, Қазақстанның шет мемлекеттермен экономикалық және іскерлік байланыстарын кеңейтуде топтың әлеуетін пайдалану жөніндегі ұсыныстары баяндалды.

Банктің экономикадағы нақты секторды несиелендіруіне, цифрлық қызметтерді әзірлеу және енгізу мәселелері жөнінде мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекетіне, сонымен қатар әлеуметтік жобаларды іске асыруына ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы тобының қызметіне оң баға берді. Бизнесімізді қолдаудың және Қазақстан экономикасын қаржыландыруды ынталандырудың өзектілігі мен стратегиялық маңыздылығын атап өтті.



FIFA WORLD CUP Qatar 2022



БАС ЖҮЛДЕ АРГЕНТИНА ҚҰРАМАСЫНА БҰЙЫРДЫ

Катар жерінде өткен Әлем чемпионаты мәресіне жетті. Дүбірлі доданың өту барысына жер-жаһандағы жанкүйерлер жоғары бағасын берді. Солай болатын жөні бар. Аталған мемлекет басшылығы аяқдоп аламының лайықты деңгейде өткізуге көп күш жұмсады. Таяу Шығыс аймағында орналасқан шағын мемлекет ұйымдастырған футбол тойы осылайша өлем халқының есінде ерекше айшықтарымен жаңғырып қалды. Айта кетерлігі, бұл чемпионат тарихында тұңғыш мәрте қыс мезгілінде өтті.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Жанкүйерлер ойындарды 5 қалада орналасқан 8 стадионда тамашалауға мүмкіндік алды. Катар дүбірлі доданы ұйымдастыруға өтініш берген уақытта елде небәрі бір стадион бар екен. Содан бері жанадан 7 стадион бой көтеріп, 100-ден аса қонақүй мен қаншама шақырым жол салынды.

Төрт жыл бұрын Ресейдегі жарыста 1/8 финалда Франция Аргентинадан 4:3 есебімен басым түскен еді. Сол жолы французиялық жас жампоз Килиан Мбаппе қос голдың авторы атанды. Ол жолы Лионель Месси көзге түсе алмаған болатын.

6-бет

ТАҒЫМ

АЗАТТЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

Сенбіде Қызылорда қаласындағы «Тағзым» алаңында 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігі күніне орай және Желтоқсан оқиғасы құрбандарын еске алуға арналған арнайы іс-шара өткізілді. Жиналған қауым Желтоқсан оқиғасында құрбан болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев зиялы қауым өкілдерімен бірге Тәуелсіздік үшін күрескендерді өзгелерге үлгі-өнеге ету – басты парыз екенін атап өтті.

– Желтоқсан – қазақ халқы үшін қасиетті әрі қасиетті ай. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты макаласында: «1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес одағының қаһарынан қайықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихат-



талуы керек» деді. Біз әр кезеңдегі қиын-қыстау шақтарда халқымыздың қалқаны болған батыр ұл-қыздарымызды мақтан етеміз. Тәуелсіздікке ұмтылған қазақ жастарының бұл қадамы, шын мәнінде,

ерлік еді. Желтоқсан қаһармандарының ерлігі мен өрлігі тәуелсіз Қазақ елімен бірге өмір сүріп, есімдері халық жүрегінде жасай береди, – деді облыс әкімі.

Мұнан кейін ел тарихындағы қасиетті оқиғаның куәгері, Желтоқсан оқиғасына қатысушы Аманбай Қанетов бостандық үшін күрескен боздақтардың жанкешті еңбегі мен ерен ерлігін еске алды.

Шара қорытындысында Желтоқсан құрбандарының рухына Сыр жұртшылығы атынан тағзым гүлі қойылды. Олардың рухына арнап облыстың бас имамы Болатбек Әбуов Құран бағыштады. Жиналған жұртшылық таазаттық күрескерлеріне бас иіп, гүл шоғын қойды.

Айта кетсек, қазақ жастарының арасында алаңға шығып, өз құқығын талап еткені үшін жала жабылып, жапа шеккендер қатарында Сыр өңірінен 150-ден астам азамат болды. Олардың барлығы дерлік оқудан шығарылып, партия қатарынан шеттетілген.

Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына сәйкес, оқиға салдарынан зардап шеккен азаматтар, желтоқсаншылар толық ақталды.

«СБ» ақпарат

ӨРКЕН

Сенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев заманға сай жаңғыртудан өткен Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің материалдық-техникалық базасымен танысып, ұстаздармен пікірлесті. Іс-шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, кәсіптік білім беру саласының ардагерлері мен ұстаздар қауымы қатысты.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН КОЛЛЕДЖ САПАЛЫ БІЛІМГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Колледжді сенімгерлік басқару негізінде алған меценат Сейітқали Алшынбаев арнаулы оқу ордасының базасын жаңартуға 1,7 млрд теңге жұмсаған.

2-бет



ҚҰРЫЛЫС: ӨЗГЕРІС – ӨНІМДІ ІСКЕ БЕТБҰРЫС

БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жергілікті құрылыс компаниясы басшыларымен кездесіп, саладағы өзекті мәселелерді талқылады.

Жинда кәсіпкерлерге салықтық әкімшіліктендіру, жүргізілетін құрылыс жұмыстарының жоспары мен келер жылдан бастап мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамаға енгізілетін өзгерістер түсіндірілді.

2-бет

БӘРЕКЕЛДІ! ТЕМІРЖАН – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Қазақ күресінен өткен Әлем чемпионатында жастар мен жасөспірімдер 5 салмақ дәрежесінде сынға түсті. 40-қа жуық мемлекеттен 350 спортшы қатысты. Чемпионаттың соңғы күнінде жас балуандар қоржына 7 алтын 2 күміс және 7 қола медаль салды.

Чемпионатта ел намысын қорғаған қаладағы №1 олимпиадалық резервтегі спорт мектебінің спортшысы Теміржан Русланұлы 60 келі салмақ дәрежесі бойынша 20 жасқа дейінгі жастар арасында Әлем чемпионы атанды.

– Теміржан Қазақстан, Моңғолия, Өзбекстан және атықсында Грузия елінің спортшысымен жекпе-жек өткізді. Осылайша ол әлемдік деңгейдегі алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Соңғы сәтте сүрініп кетпеу үшін физикалық және психологиялық тұрғыдан көп дайындалды. Нәтижесінде ел қоржынына алтын медаль салды, – дейді жаттықтырушы Аязбек Шүкір.

Теміржан Жалағаш ауданы Т.Жүргенов ауылында дүниеге келген. Қазіргі таңда «Болашақ» университетінде білім алып жүр. Үнемі жаттығып, спорттық сайыстардан қалмайтын оның жетістіктері де жоқ емес. Ол – қазақ күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионы, облыстық және аудандық турнирлердің жеңімпазы. Ал енді Әлем чемпионы.

«СБ» ақпарат

